

Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызмет өткеру мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының қарулы күштерінен босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы уақытша ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 мамыр N 580 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.21. N 373 қаулысымен.

Офицер кадрларын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызмет өткеру мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы қоса беріліп отырған Уақытша ереже (бұдан әрі - Уақытша ереже) бекітілсін.

2. Былай деп белгіленсін:

осы қаулының күші Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің және Қазақстан Республикасының басқа әскери құрамаларының әскери қызметшілеріне қолданылады;

осы Уақытша ережеде көзделген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің құқықтары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына беріледі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің лауазымды адамдарының құқығын осы Уақытша ережеде көзделген құқықтарға сәйкес олардың ұйымдық құрылымын ескере отырып, тиісті министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің басшылары айқындайды;

контракт бойынша әскери қызметке қабылданған офицерлер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлік құрамындағы адамдар үшін қолданылып жүрген заңдарда және осы Уақытша ережеде көзделген нормалар мен тәртіп бойынша ақшалай үлеспен қамтамасыз етіледі.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1996 жылдың 1 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеру туралы контракт жасасуды ұйымдастырсын; осы қаулыда көзделген шараларды "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тиісті жылға бекітілген қаражат шегінде

қ а р ж ы л а н д ы р а т ы н

б о л с ы н ;

ведомстволық нормативтік актілерді осы қаулыға сәйкестендірсін.

4. "Офицерлер құрамы лауазымдарында әскери қызмет атқару мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасудың тәртібі туралы Уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1100 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 1 2 м а м ы р д а ғ ы

N 5 8 0 қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

Офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызмет өткеру мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасу тәртібі туралы Уақытша ереже

1. Жалпы ережелер

Офицерлік құрам лауазымдарында қызмет өткеру мен осы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босату туралы контрактілер жасасу тәртібі туралы Уақытша ереже (бұдан әрі - Уақытша ереже) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне офицерлер ретінде әскери қызметке ерікті түрде алынатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерімен, әскери міндеттемелерімен, Қазақстан Республикасы аумағында тұратын басқа мемлекеттердің азаматтарымен және азаматтығы жоқ адамдармен контрактілер жасаудың мерзімдері мен тәртібін белгілейді және жасалған контракті шарттарын орындау үшін тараптардың өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін реттейді.

2. Әскери қызметті өткеру туралы контракт жасаудың тәртібі

1. Офицерлік құрамдағы лауазымдарда әскери қызмет өткеру туралы контракт :

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметтегі офицерлермен ;

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының ережелерін ескере отырып, запастағы офицерлермен, оның ішінде әскери қызметте болудың шекті жасынан асқан офицерлермен ;

кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарға жіберілетін 34 жасқа дейінгі әскери қызметшілермен ;

әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) тыңдаушыларымен (курсанттарымен) жасалады .

Бұл ретте контрактілер жасасу бірінші кезекте мынадай санаттағы әскери қызметшілермен :

өз лауазымдарына әскери қызмет өткеріп жүрген және шетел азаматтығы бар немесе азаматтығы жоқ адамдар болып табылатын офицерлермен;

басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарына оқуға жіберілетін әскери қызметшілермен ;

Қазақстан Республикасы әскери оқу орындарының (әскери факультеттерінің) курсанттарымен (тыңдаушыларымен);

әскери қызметке алынатын запастағы офицерлермен; запастан 2-3 жылға шақырылған және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің кадрлары қатарында қызмет өткеру туралы контракт жасасуға тілек білдірген офицерлермен ;

басқа мемлекеттердің Қарулы Күштерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы министрліктерінен, ведомстволарынан, басқа әскерлері мен әскери құрамаларынан ауысуына байланысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағындағы офицерлермен;

офицерлік атақ берілгеннен кейін әскери-оқу орындарын экстернмен бітірген әскери қызметшілермен, сондай-ақ кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарға жіберілетін әскери қызметшілермен жүзеге асырылады.

Қалған санаттағы офицерлермен контрактілер жасасу жөніндегі жұмыс 1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұйымдастырылады.

2. Контракт бойынша офицерлер құрамындағы лауазымдарда әскери қызмет атқаруға тілек білдірген әскери қызметшілер команда бойынша рапорт береді.

3. Запаста тұрған адамдар қатарынан контракт бойынша әскери қызметке алу үшін кандидаттарды іріктеуді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадр басқармасының өтінімдері бойынша әскери комиссариаттар жүргізеді.

4. Офицер ретінде әскери қызметке кіргісі келетін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде запаста тұрған адамдар, сондай-ақ әйелдер әскери есепте тұратын жеріндегі әскери комиссариатқа мынадай

қ ұ ж а т т а р д ы

ұ с ы н а д ы :

контракт бойынша әскери қызметке кіргісі келетіні туралы өз өтініші;
өз қолымен жазылған өмірбаяны;
білімі жайлы құжаттың көшірмесі;
соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездемесі;
отбасы құрамы мен тұрғылықты жері туралы анықтама.

Ішкі істер органдары аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың ресми сұрау салуы бойынша осы адамдарға қатысты өз қолындағы ақпаратты береді.

Аса маңызды және өте құпия құжаттармен (бұйымдармен) жұмыс істеуге тағайындалған адамдарға тиісті орындар арқылы алдын ала рұқсат қағазы р ә с і м д е л е д і .

5. Облыстық және әскери комиссариатқа офицерлік құрам лауазымдарындағы әскери қызметке алу үшін кандидаттың осы Уақытша ереженің талаптарына сәйкестігін алдын ала бағалайды.

Әскери қызметке офицер етіп алу үшін іріктелген кандидаттардың құжаттары түскен өтініштерге сәйкес контрактілерге қол қою құқығы берілген (бұдан былай әскери бөлімдер деп аталатын) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерінің, басқармаларының (бөлімдерінің) мекемелерінің, әскери оқу орындарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының командирлеріне (бастықтарына), ал өтінімдерден тыс құжаттар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадр басқармасына жіберіледі. Әскери қызметке алынғандығы жөнінде шешімдер шығарылған адамдарға қатысты әскери комиссариаттарға оларды ақырғы іріктеу жүргізу үшін әскери бөлімдерге жөнелту туралы шақырту қағаздары жіберіледі. Қалған адамдарға қабылданбау себептері хабарланып, қ ұ ж а т т а р ы қ а й т а р ы л а д ы .

6. Қарулы Күштердің запасында тұрған адамдарды, сондай-ақ әйелдерді әскери бөлімге жіберуді оларды әскери қызметке ресімдеу орны бойынша әскери к о м и с с а р и а т т а р жү р г і з е д і .

Әскери бөлімнің командирі келгендермен және ақырғы іріктеуден өткендер мен әскери қызмет өткеру арқылы контракт жасайды, ал әскери қызмет өткеру туралы контракт жасамағандарды тиісті аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға іссапармен жөнелтеді және олардың жеке іс-қағаздарын қабылданбау себептерін көрсетіп қайтарады.

7. Контрактіге қол қойған адамдар әскери қызмет орнына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

8. Офицерлер құрамы лауазымдарына әскер қызмет өткеру туралы контракт әскери қызметшімен немесе әскери қызметке алынатын адаммен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі арасында жазбаша түрде жасалады.

Контрактінің нысаны мен шарттарын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейді.

9. Контракт шарттарының орындалуына кепілдік беретін Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігі атынан запаста тұрған адамдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің қарамағындағы офицерлермен контрактілерге қол қою құқығы офицерлік құрамының адамдарын тағайындауға арналған лауазымдар номенклатурасына сәйкес жеке құрам бойынша шығарылатын бұйрықтармен жинақталып отырған лауазымдарға офицерлер тағайындауға құқығы бар командирлерге (бастықтарға) беріледі.

Осындай құқық өздеріне бағынатын әскери бөлімдер және тиісті әскери-есеп мамандықтары бойынша штатта полковникке дейінгі әскери атақтар көзделген лауазымдарды жинақтау кезінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарларына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі басқармаларының (бөлімдерінің), әскер түрлері мен қызметтерінің бастықтарына б е р і л е д і .

Контракт жеке құрам бойынша шығарылатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен расталады.

10. Өз лауазымдарында әскери қызмет атқарып жүрген офицерлермен контракт жасаған кезде олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтап, офицер контрактіге қол қойған соң офицер қызмет атқарып жүрген әскери бөлімнің командирі (бастығы) оған тең жеке батальон командирінен бастап және одан жоғары) контрактіні және оның жасалуы туралы өтінішті қызмет сатысы бойынша жібереді. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атынан контрактіге қол қою құқығы осы Уақытша ереженің 9-тармағында көрсетілген командирлерге (бастықтарға) беріледі.

Контракт тағайындау номенклатурасына жинақталатын лауазым жататын командирдің (бастықтың) жеке құрам бойынша шығарылатын бұйрығымен р а с т а л а д ы .

11. Контракт бойынша әскери қызметтің басталуы болып: құқығы әскери қызметтегі офицерлер құрамындағы адамдар үшін - контракт жасау құқығы берілген әскер бөлім командирінің (бастығының) жеке құрам бойынша шығарылған бұйрығымен расталған контракт жасалған күн; запаста әскери қызметке алынатын офицерлер үшін - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жеке құрам бойынша шығарылатын бұйрығымен расталған, өзі жасаған контракт негізінде офицерді әскери бөлімге жөнелту үшін аудандық (қалалық) әскери комиссариаттың ұйғарым берген күні с а н а л а д ы .

12. Контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлерге әскери атақтар беру, әскери атағын төмендету, қызметке тағайындау, қызметі бойынша орын ауыстыру мен жоғарылату Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің

1985 жылғы 6 сәуірдегі N 100 бұйрығымен күшіне енгізілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлік құрамының әскери қызметті өткеруі туралы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

3. Әскери-оқу орындарында (әскери факультеттерде) және кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарда оқып жүрген адамдармен әскери қызмет атқару туралы контрактілер жасау

13. Әскери оқу орындарына түскен немесе кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарға жіберілген адамдар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері кадрларындағы офицерлер құрамы лауазымдарына оқу және әскери қызмет атқару туралы контракт жасайды. Контракт оқу орнына (курсқа) қабылдау туралы қабылдау комиссиясы шешім шығарған соң және контрактіні растау мен оқу орнына қабылдау туралы бұйрық шыққанға дейін жасалады.

14. Офицерлер атағы жоқ, контракт бойынша әскер қызмет атқарып жүрген және әскери-оқу орнына түскен немесе кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарға қабылданған әскери қызметшілер оқу орнына (курсқа) қабылданған соң бірден әскери-оқу орындарының (курстардың) курсанттары үшін көзделген ж а н а к о н т р а к т ж а с а й д ы .

15. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-оқу орындарында оқып жүрген курсанттармен (тыңдаушылармен) контрактіге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі атынан әскери-оқу орнының б а с т ы ғ ы қ о л қ о я д ы .

Басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарында, сондай-ақ кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарда оқып жүрген әскери қызметшілермен контрактіге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атынан оның өкілі қол қояды .

16. Әскери-оқу орындарында және кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарда оқитын әскери қызметшілердің контракт бойынша әскери қызметінің басталуы болып әскери-оқу орны бастығының бұйрығымен, ал басқа елдерде оқитындар үшін - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен расталған контракт жасалған күн саналады.

17. Әскери шақыру жасына жеткен, контрактіні бұзған, әскери қызметке жарамды, әскери-оқу орнынан денсаулығына байланысты, үлгермегендігі немесе тәртіп бұзушылығына байланысты шығарылған курсанттар (тыңдаушылар) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бастығының өкімі

бойынша мерзімді әскери қызмет өткеруі үшін әскери бөлімдерге жөнелтіледі. Әскери оқу орнына түскенге дейін белгіленген мерзімді әскери қызмет мерзімін атқарған адамдар запасқа шығарылады.

4. Офицерлік құрам лауазымдарындағы әскери қызметке контракт бойынша орналасқан адамдарға қойылатын талаптар

18. Офицерлік құрам лауазымдарындағы әскери қызметке контракт бойынша орналасатын адамдар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде медициналық куәландыру туралы Ережеге (бейбіт және соғыс уақытында) сәйкес медициналық куәландырудан өтеді. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша олардың әскери қызметке жарамдылығы туралы шешім қабылданады.

19. Контракт бойынша әскери қызметке орналасатын адамдар:
жалпы білім деңгейі бойынша;
кәсіби даярлық дәрежесі бойынша;
моральдық-психологиялық қасиеттері бойынша;
дене даярлығы бойынша белгіленген талаптарға сай болуы керек.

Аталған талаптарды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейді.

20. Контракт бойынша қызмет өткеру үшін адамдардың белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау әскери бөлімдердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тұрақты жұмыс істейтін аттестациялық комиссияларына жүктеледі және оның шешімдерін контрактіге қол қою құқығы берілген командирлер (бастықтар) бекітеді.

5. Контракт бойынша әскери қызметтің мерзімдері

21. Офицерлер құрамы лауазымдарындағы әскери қызметке орналасу кезінде Қазақстан Республикасы қарулы Күштерінің кадрлары қатарында әскери қызмет өткеру туралы 3 және 5 жылдық мерзімге контракт жасалады. Контракт мерзімі аяқталған соң ол белгіленген мерзімдердің біріне қайта ұзартылуы мүмкін.

Контракт, сонымен қатар офицер әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейінгі мерзімде жасалуы немесе ұзартылуы мүмкін.

22. Әскери-оқу орындарының курсанттарымен (тыңдаушыларымен) оқу орындарында оқу кезеңіне және офицерлер құрамындағы адамдар орын ауыстыруға жататын лауазымдарда 10 жыл (күнтізбелік есеппен) қызмет өткеру жөнінде контракт жасалады. Кейін контракт осы Уақытша ереженің 21-тармағында белгіленген мерзімдерге ұзартылуы мүмкін.

23. Кіші офицерлер даярлау жөніндегі курстарға жіберілетін әскери

қызметшілермен контракт курстарда оқу кезеңінде және осы Уақытша ереженің 21-тармағында белгіленген мерзімдерге жасалады.

24. Әскери академияға, адъюнктураға немесе әскери докторантураға түскен офицерлермен, бұрын жасалған контрактіге қарамастан, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілі оқу кезеңіне және оқу орнын бітіргеннен кейін 5 жылдық әскери қызметке жаңадан контракт жасайды.

25. Контрактіге қол қою құқығы берілген командир (бастық) контрактінің жасалғаны немесе онымен контракт жасаудан бас тартылғаны туралы шешім қабылдайды және қолданылып жүрген контрактінің мерзімі біткенге дейін үш айдан кешіктірмей бұл жайлы әскери қызметшіге хабарлайды.

6. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлерге ақшалай үлес төлеу ерекшеліктері

2 6 . < * >
2 7 . < * >
2 8 . < * >

ЕСКЕРТУ. 26, 27, 28-тармақтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери-оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттарына (тыңдаушыларына) ақшалай үлес төлеу ерекшеліктері

29. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери-оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттары (тыңдаушылары) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің осы санаттағы әскери қызметшілері үшін заңдарда көзделген нормалар мен тәртіп бойынша ақшалай үлеспен қамтамасыз етіледі.

3 0 . < * >

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен.

31. Әскери-оқу орнында (әскери факультетте) оқу және оны бітірген соң офицерлер құрамындағы лауазымдарда әскери-қызмет өткеру туралы контракт жасаған әскери-оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттарына мынадай ақшалай үлес түрлері:
а) < * >

б) Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің тиісті санаттары үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қосымша ақы, үстеме ақы, парашютпен секіргені үшін сыйақы, теңіз ақша үлесі және басқа да қосымша ақшалай табыс түрлері төленеді.

Прапорщиктер, мичмандар, мерзімінен тыс қызметтегі сержанттар мен старшиналар, сондай-ақ солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарына контракт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілер әскери-оқу орындарына (әскери факультеттерге) түскен кезде Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің тиісті санаттары үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген нормалар мен тәртіп бойынша әскери-оқу орнына түсер алдындағы соңғы атқарған лауазымына қарай ақшалай үлеспен қамтамасыз етіледі.

Басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарында оқып жүрген және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен контракт жасаған курсанттарға (тыңдаушыларға) ақшалай үлес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілеген нормалар мен тәртіпке сәйкес оқу орны бойынша төленеді.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақтың а) тармақшасы алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен.

8. Әскери қызметтен босату

32. Контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлік құрамдағы адамдарды босату "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери қызметтен:

а) егер босатылатын адамдар запаста болудың шекті жасына жетпесе және денсаулығына қарай бейбіт немесе соғыс уақытында әскери қызметке жарамды болса - запасқа;

б) егер босатылатын адамдар запаста болудың шекті жасына жеткен болса немесе әскери-дәрігерлік комиссия денсаулығы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп таныса, әскери есептен шығарыла отырып - отставкаға шығарылуы мүмкін.

Офицерлік құрамдағы адамдарды әскери қызметтен босату әдетте, тиісті командирлердің (бастықтардың) қарамағында енгізілмей өздері атқарып отырған лауазымдарынан осы Уақытша ереженің 34-36-тармақтарында көзделген негіздердің бірі бойынша жүзеге асырылады.

33. Офицерлік құрамдағы адамдар әскери қызметтен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасына:

а) қызмет мерзімін өткеруі бойынша - контрактіде көрсетілген қызмет

мерзімінің аяқталуына қарай;

б) жасы бойынша - қолданылып жүрген заңдарда белгіленген әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен жағдайда босатылсын.

34. Офицерлік құрамдағы адамдар әскери қызметтен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запаста мерзімінен бұрын мына негіздер бойынша:

а) науқастануына байланысты - әскери-дәрігерлік комиссия бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз (соғыс уақытында 2-дәрежеде шектеулі жарамды) деп т а н ы ғ а н д а ;

б) денсаулығының шектеулі жарамдылығына байланысты - әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке шектеулі жарамдылығы туралы қаулысы негізінде , денсаулығына қарай өзі атқарып отырған лауазымдағы міндеттерді орындай алмауына және денсаулық жағдайын ескере отырып, міндеттерін өзі орындай алатын лауазымға қызмет бабы бойынша ауыстыру мүмкіндігі болмағанда;

в) штаттардың қысқартылуына байланысты - штаттарды қысқартуға немесе ұйымдық шараларға (запасқа шығу үшін басқа негіздер болмағанда) байланысты қызметке пайдалану мүмкін болмаған жағдайда;

г) отбасы жағдайына байланысты немесе басқа да орынды себептер бойынша:

әскери қызметті орындауға кедергі келтіретін отбасы жағдайлары пайда болғанда. Бұл ретте отбасы жағдайлары деп әйелімен (күйеуімен) болған қайғылы оқиғалар және осы себепті балаларына күтім қажет болған (офицер рапорты негізінде) немесе офицер-әйелдер үшін бала тууына байланысты өздері атқарып отырған әскери қызмет міндеттерін олардың орындай алмаған жағдайлары ұғынылады - офицердің рапорты немесе әскери бөлім командирінің шешімі негізінде (бұл ретте оларды босату жүкті болуына және босануына байланысты демалыстары біткеннен кейін жүргізілуі мүмкін);

мемлекеттік өкімет органдарына сайланбалы лауазымдарға сайланған кезде;

д) контрактінің бұзылуына байланысты - әскери қызметтен мерзімінен бұрын босату туралы рапорт берген жағдайда;

е) қызметке сай келмеуіне байланысты - офицер контракт шарттарын орындамаған жағдайда немесе егер ол осы Уақытша ережеде белгіленген талаптарға сай келмеген жағдайда (аттестациялық комиссияның қорытындысы б о й ы н ш а) ;

ж) әскери қызметшінің ар-намысына кір келтіретін іс-әрекеттер жасағаны үшін - әскери қызметші арына кір келтіретін іс-әрекеттер жасаған жағдайларда - ар сотының шешімі мен аттестациялық комиссия қорытындысы негізінде, оны әскери бөлім командирі бекіткен соң босатылады.

35. Қылмыс жасағаны үшін сотталған (әскери атағынан айырмай) офицерлік құ р а м д а ғ ы а д а м д а р :

а) жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айырылып сотталуына байланысты әскер қызметтен;

б) жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айырмай сотталуына байланысты, оның ішінде үкімнің орындалуы кейінге қалдырылған, сондай-ақ бас бостандығынан айырылып сотталған, бірақ жазаны өтеуден амнистия бойынша босатылған жағдайда әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға мерзімінен бұрын босатылады.

36. Офицерлік құрамдағы адамдар әскери қызметтен:

а) жасына байланысты - запаста болудың шекті жасына жеткенде;

б) науқасына байланысты - әскери-дәрігерлік комиссиялар әскери қызметке жарамсыз деп танығанда, әскери есептен шығарыла отырып отставкаға жіберіледі.

37. Белгіленген тәртіп бойынша әскери атағынан айырылған офицерлік құрамдағы адамдармен контракт мерзімінен бұрын бұзылады және олар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлік құрамының тізімінен шығарылады.

38. Осы Уақытша ереженің 34-тармағының "д", "ж" тармақшаларында, 25-тармақтың "а" және "б" тармақшаларында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ 37-тармақта көрсетілген жағдай бойынша контрактіні бұзған кезде контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген офицерлерді мерзімінен бұрын босату кезінде олардан контракт жасалған кезде төленген біржолғы ақшалай жәрдемақы контрактінің аяқталуына дейін қалған уақытты теңестіріп есептегендегі сомада (әскери қызметтің толық күнтізбелік айлары есебімен) және алған заттай мүлкінің құны қию мерзімінің аяқталуына дейін қалған уақытты теңестіріп есептегендегі сомада төлеттіріп алынады. Бұған қоса, жоғарыда аталған жағдайлар бойынша офицерді әскери қызметтен босатқан кезде одан контрактіні мерзімінен бұрын бұзғаны үшін контракті шарты бойынша әрбір атқарылмаған күнтізбелік жылы үшін ақшалай қаражатының үш жалақысы төлеттіріп алынады. Бұл ретте ақшалай табысының жалақы мөлшері офицердің әскери қызметтен босатылған күніндегі жағдай бойынша есептеледі.

Басқа мемлекеттің әскери-оқу орындарында оқыған және олардан оқығысы келмегендіктен, сондай-ақ үлгермеуі немесе тәртіп бұзушылығына орай контрактіні бұзуына байланысты шығарылған курсанттар (тыңдаушылар) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне оларды оқытуға және ұстауға жұмсалған нақты шығынының орнын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына белгіленген тәртіп бойынша толтырады. Әскери-оқу орнынан денсаулығына немесе отбасы жағдайына байланысты шығарылған кезде курсанттар (тыңдаушылар) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне оларды оқытуға және ұстауға жұмсалған шығындарды

қ а й т а р м а й д ы .

39. Офицерлік құрамдағы адамдарды әскер қызметтен босату, оның ішінде контрактіні мерзімінен бұрын бұзған кезде босату Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

Офицерлік құрамдағы адамдарды босату күні болып, олар әскер бөлім бойынша шығарылатын бұйрықпен әскер бөлім тізімінен шығарылған күн есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК